

«КЕЛІСІЛДІ»

С.Зиманов ат. ІжҚҒА Директоры

PhD

М. Дауленов

«__» _____ 20__ ж.

«БЕКІТЕМІН»

ҚЖМ Директоры

З.Ғ.К., доцент

С. Пен

«__» _____ 20__ ж.

ҒЫЛЫМИ ЖОБАНЫҢ ТЕХНИКАЛЫҚ ТАПСЫРМАСЫ

Қылмыстық істерді қайта тергеуге жіберу қылмыстық іс жүргізудің институты ретінде

I. Жобаның өзектілігін және жаңалығын негіздеу..

Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасында көрсетілгендей қылмыстық сот ісінің оңтайлы моделі жасалмайынша мемлекеттің қылмыстық саясаты тиімді болмақ емес. Заң шығарушының басты мақсаты тікелей қолданылатын заңдардың мәнін, мазмұнын және қолданылуын айқындайтын және әділ сотпен қамтамасыз ететін, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтары туралы конституциялық нормаларды тануға негізделген қылмыстық іс жүргізу заңын қалыптастыру болатын. Сол себепті қылмыстық-іс жүргізу құқығын дамытудың басымдығы қылмыстық сот ісінің адамның құқықтары мен бостандықтарын қорғауға бағытталған негізін қалаушы қағидаттарын дәйекті түрде одан әрі іске асыру болып қала бермек. Қылмыстық іс жүргізуде адамның құқықтары мен бостандықтарын қорғауға кепіл бола алатын қағидаттың бірі, ол істің мән-жайларын жан-жақты, толық және объективті зерттеу (ҚР ҚПК 24-бабы). Аталған қағидаттың міндеттері орындалмаған жағдайда, сотқа дейінгі тергеп тексерудің толықтығын қамтамасыз ету мақсатында қылмыстық істерді қайта тергеуге жіберу институтының өзектілігі көрініс табады. 2014 жылғы 4 шілде қабылданған ҚР Қылмыстық процесілік кодексі, сотқа дейінгі және сот отырысы сатыларында қайта тергеуге жіберу мәселесін қарастырғанмен, біздің пікірімізше қылмыстық істі қосымша тергеп-тексеруге жіберудің негіздері мен шарттарын анықтамағандай. Себебі сотқа дейінгі сатыда прокурордың істі қосымша тергеуге жіберу өкілеттігін қарастырған, алайда оның нақты негіздерін заңмен реттеу орынды, оның үстіне қылмыстық іс жүргізу заңы сот отырысында істі қайта тергеуге жіберу негіздерін тіпті қарастырмайды. Егер, сот тергеуін әрі қарай жүргізуге кедергі келтіретін қылмыстық-процестік заңнаманы елеулі түрде бұзушылықтары анықталса, онда істі қосымша тергеуге жіберуге мәжбүрлік туындайтыны сөзсіз. Тәжірибе материалдарына сүйенсек, сот отырысында істі қосымша тергеу үшін прокурорға жіберіліп жатқан жағдайлары да көрініс табады. Демек, сот отырысында істі қосымша тергеу үшін қайтаруға заңмен шек қою орынсыз. Сондықтан істі қосымша тергеуге жіберу мәселесін теориялық және тәжірибелік тұрғыда тереңірек зерттеу жүргізіп, тиімді ұсыныстар жасау орынды деген пікірдеміз.

II. Жобаның мақсаты.

Қылмыстық істі қосымша тергеуге жіберу институтының ақаулықтарын жою мақсатында, қылмыстық іс жүргізу заңын жетілдіруге бағытталған ұсыныстар әзірлеу.

Аталған мақсатқа қол жеткізу үшін:

а) қайта тергеу және қосымша тергеу анықтамасын қалыптастыру;

ә) тәжірибеде прокурордың қайта тергеуге жіберілген істердің негіздерін зерттеу және талдау жасап, қорытындылау;

б) бірінші және апелляциялық сатыда қылмыстық істерді қайта тергеуге жіберу негіздерін зерттеу және талдау жасап, қорытындылау;

в) қылмыстық процесілік заңнамасына қайта тергеуге не қосымша тергеуге жіберу негіздерін ұсыну

III. Жұмыстың көлемі, орындалу тәртібі мен мерзімі.

Жұмыстың көлемі – 25 бет (10 қаріппен), «01» қазан 201 ж. - «29» сәуір 2017 ж.

Қылмыстық істерді қайта тергеуге жіберу институты жобасы келесі кезеңдерді қамтиды:

1 кезең. Қайта тергеу институтының маңызын, қосымша тергеу мен қайта тергеу негіздерін ажырату. Қылмыстық істерді қайта тергеуге жіберу негіздеріне салыстырмалы-статистикалық және тәжірибелік анализ жасау

2 кезең. Қылмыстық істі қосымша терген-тексеру жүргізу үшін қайтару, ол сотқа дейінгі терген-тексеру барысындағы прокурордың өкілеттігі ретінде

3 кезең. Бірінші сатыдағы соттың қайта тергеуге жіберген қылмыстық істерін зерделеп, негіздерін нақтылау, анализ жасау.

4 кезең. Апелляциялық сатыдағы соттың қайта тергеуге жіберген қылмыстық істерін зерделеп, негіздерін нақтылау, анализ жасау.

5 кезең Тақырып бойынша қорытындыларды қалыптастыру және ұсыну

IV. Жоба сапасының индикаторы

V. Scrum-команда.

Тұрақты мүшелері: ғылыми-жетекші Э.Е.Мусенова, 4-курс студенттері Ә.Н.Аманәлі, Ж.Қ.Шакаримова және тапсырыс берушіҚР Жоғарғы Соты

Тұрақты емес (Ассоциацияланған) мүшелері: рецензент Шаяхметова А.Г. және кафедра оқытушылар құрамы (2 кем емес) Сейтенов К.К., Аширбекова К.Б. Scrum-команда мүшелерінің талаптары техникалық таспырмада көрініс табуы мүмкін.

VI. Scrum-команда мүшелерінің жауаптылығының матрицасы.

Кезеңдердің атауы	з.ғ.д., доцент Э.Е.Мусенова	Ә.Н.Аманәлі	Ж.Қ.Шакаримова	тапсырыс берушінің А.Ж.Т.	1-ші оқытушының Сейтенов К.К.	2-оқытушының Аширбекова К.Б.	рецензенттің Шаяхметова А.Г.
1 кезең. Қайта тергеу және қосымша тергеу ұғымдары мен негіздерін талдау	Ж	О	О	К	К	N/A	К
2 кезең. Прокурормен қосымша тергеуге жіберілген қылмыстық істерді зерделеу.	Ж	О	О	К	N/A	К	К
3 кезең. Соттың қайта тергеуге жіберген қылмыстық істерді зерделеу.	Ж	N/A	О	К	N/A	К	К
3 кезең. Қылмыстық істерді қайта тергеуге жіберу негіздеріне салыстырмалы-статистикалық және тәжірибелік анализ	Ж	О	N/A	К	К	N/A	К

4 кезең. Қорытындыларды қалыптастыру	Ж	N/A	N/A	К	К	N/A	К
5 кезең. Басшылыққа қорытындыларды ұсыну	Ж	О	О	К	N/A	К	К

Қысқартылғандардың түсіндірмесі:

Ж- Жетекші

О- Орындаушы

К- Кеңесші

N/A - NotApplicable (қолданылмайды)

VII. Жобаны аяқтаудың нысаны.

1-5 кезең бойынша жобаны жазбаша нысанда аяқтап, диплом жобасын ашық қорғау

Біз, төменде қол қойғандар, Scrum-тобы мүшелері мен КАЗГЮУ Университеті арасында жасалғаносы техникалық тапсырманы ғылым туындысын шығару мен қолдану туралы шарты ретінде, осыған сәйкес Scrum-тобы мүшелеріКАЗГЮУ Университетіне шығарылған ғылым туындысына ерекше мүліктік құқықты, сондай-ақ туындыны қолдануға ерекше құқықты өз білгенінше кез келген нысанда және кез келген атаумен кез келген әлемнің елінде, соның ішінде туындыны қайта шығару құқығын қолдануға; түпнұсқаны немесе туындының данасын сату немесе құқық меншігін өзге табыстауға; туынды даналарын импорттауға; туындының түпнұсқасын немесе данасын жариялы көрсетуге; жалпыға бірдей мәлімет үшін туындыны өзге хабарлауға; туындыны басқа тілге аударуға; туындыны қайта жазу және/немесе өзге қайта жөндеугежәне Қазақстан Республикасы заңнамасымен тыйым салынбаған кез келген өзге қолдану түрлерін қолдануға келісеміз.

Кафедра меңгерушісі _____

Ғылыми жетекшісі _____

Студенттер _____

Тапсырысшының өкілі _____

Оқытушы/доцент/профессор _____

Оқытушы/доцент/профессор _____

Рецензент _____

Бектибаева О.С.

Мусенова Э.Е.

Аманәлі Ә.

Шакаримова Ж.

Сейтенов К.К.

Аширбекова Қ.Б.

Шаяхметова А.Г.